

## ҚАЙРАН ӘПКЕМ

Әсем үн, жылы мейірің, жыр жүрегің  
Нұр құйып көкірегіме жүрді менің.  
Мерт болдың ойда жоқта, қайран әпкем,  
Қазақтың өнерінің жұлдызы едің!

Қапыда кілт тыйылды «Гәкку» әні,  
Шуласты айдың көлдің аққулары.  
Ізdedік жан тебіrentкен нәзік үнді,  
Сұм ажал бірақ оны таптырмады.

Тірілтіп, жан бітіріп мұз жүректі,  
(Арада мейлі жүз жыл, мың жыл өтті)  
Сен едің алып келген бұл дәуірге  
Кешегі шерге толы Қыз Жібекті.

Сағынған еркіндікті Сара жаны  
Елімді сен арқылы аралады.  
Тағдыры тамылжыған Татьянаның  
Толғады, жүрегіңді жаралады.

Соларды кек жалыны қайнап өткен  
Деп бүгін айта алмаймыз “қайда кеткен!”  
Әлемнің сахнасына сінлілерің  
Шығарар, көз жұмсаң да, қайран әпкем!